

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШҚІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білімді, ғылым мен өндірісті ұштастыра алатын, оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, жаңа ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдана білетін мамандар дайындау міндеті тұр. Сонымен қатар, білім алушылардың шығармашылық даралығын, интеллектуалдық және практикалық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу талабы қойылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты стратегиялық жолдауды жариялауда «Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Ел» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті»- екендігін баса айтты. Сонымен қатар, жолдаудың үшінші басым бағытында: «Ғылыми қамтитын экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру» - деп, маман дайындауда зерттеулер мен инновацияларды қолдау керектігін нақтылап көрсеткен.

Білім сапасының жоғары деңгейіне жету, педагогикалық білім беру мазмұнын жаңарту білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бағдарламада экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту мақсаты айқын көрсетілген. Сонымен қатар «...Бүгінгі таңда ғылым мен білім беру арасында алшақтық сақталып отыр. Ғылыми нәтижелер білім беру саласына шоғырланбайды» деп, атап көрсетілген. Сондықтан да педагог маман дайындауда осы мақсаттарды жүзеге асырудың басты міндеттерінің бірі – ғылым мен білім беру процестерінің бірігуі. Осының нәтижесінде біліктілігі жоғары, қоғамның талаптарына сай келетін, индустриялық - инновациялық дамыту міндеттерін, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын білімді маман дайындау жоғары оқу орындарының міндетіне айналды.

Олай болса ізденуші Н.Н.Салыбекованың «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі әлеуметтік тапсырысқа сәйкес болашақ мамандарды даярлаудың өзекті мәселесіне арналғандығы күмән туғызбайды.

Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу барысында ізденуші төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

1. «Болашақ педагог мамандардың зерттеушілік біліктігін қалыптастыру бойынша алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, нәтижесінде ЖОО-да биологиялық білім беруде көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды ғылыми тұрғыдан зерттеудің теориялық негізін саралаған;

2. Биологиялық білім беруде көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды ғылыми зерттеудің әдістері айқындалған;

3. Болашақ педагог мамандардың зерттеушілік біліктігін қалыптастыру бойынша зерттеу нәтижелерін білім беру барысында қолданудың жолдары мен әдістері берілген;

4. Ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік эксперимент арқылы тексерілген және оның нәтижелері оқу үрдісіне ендірілген.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі - диссертанттың болашақ педагог мамандардың зерттеушілік біліктігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан талдауда, зерттеу мәселесіне сәйкес нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып негіздегендігінде және жеке ойын тұжырымдап, өзіндік теориялық қорытындылар жасай білгендігінде.

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі - биологиялық білім беруде көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды ғылыми зерттеудің әдістерін айқындау биологиялық білім берудің кәсіби құзыреттілік, өздігімен білім алу, кәсіби-педагогикалық бағыттылық, үздіксіздік пен сабақтастық, тұлғалық, әрекеттік тұғырлардың бірлігі және кәсіби өзін-өзі жетілдіру ұстанымдарына негізделетіндігін ашып көрсетуінде.

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – зерттеу жұмысының мазмұнын анықтауда ізденуші болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік біліктерін қалыптастырудың теориялық негіздерін және көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан айқындай отырып, оның нәтижелерін білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктерін саралағандығында, зерттеу нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарының 5B011300-«Биология» мамандығы білім алушыларына саңырауқұлақтар бөлімінің теориялық негізі және «Фитопатология» элективті пәнінің бір бөлімінің оқу бағдарламасы, «Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлеріне арналған зертханалық сабақтар және оларды жүргізу әдістемесі» әдістемелік нұсқаулығының оқу процесіне енгізілуінде, көкөністерді зақымдайтын 55 ауру қоздырушы саңырауқұлақ түрінің биоэкологиялық ерекшеліктерін анықтай отырып, Қазақстанда алғаш рет көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтың 3 түрінің (*Rhexocercosporidium carotae* (Arsvoll) U.Braun, *Penicillium aurantiogriseum*

Dierckx, *Fusarium equiseti* (Corda) Sacc.) биоэкологиялық ерекшелігінің нақтылануында.

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – ұсынылған әдістеме эксперимент жүзінде тексеріліп, нәтижелеріне талдау жасалынып, тиімділігінің дәлелденуі және оның оқу үдерісіне ендірілуі зерттеу жұмысының шынайылық дәрежесін көрсетеді.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - биологиялық білім беруде көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды ғылыми тұрғыдан зерттеуге арналған ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау жасалынып, нақты болашақ педагог мамандардың зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған;

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ педагог мамандардың зерттеушілік біліктігін қалыптастыру мақсатында биологиялық білім беруде көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды ғылыми зерттеу әдістері ұсынылған. Зерттеуде теориялық материалдармен қатар көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биологиялық, экологиялық ерекшеліктері, қазіргі заманғы генетикалық-молекулалық зерттеу әдістері де талданып, олармен күресу шаралары және көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлеріне жүргізілген зерттеу, білім алушылармен жүргізілген ғылыми жоба жұмыстарының нәтижелері берілген;

ЖОО-да биологиядан білім беру процесіне «Фитопатология» элективті пәнінің бағдарламасы мен «Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлеріне арналған зертханалық сабақтар және оларды жүргізу әдістемесі» атты оқу-әдістемелік нұсқаулығының оқу үдерісіне ендірілгендігі үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесін білдіреді.

Төртінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік біліктерін қалыптастыруда зерттеу нәтижелерін білім беру барысында қолданудың жолдары мен әдістері ұсынылып, әдістемелік жүйенің оқу процесіне ендірілгендігі, оның тиімділігін анықтаудағы эксперимент нәтижелері мен қорытындылары қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде:

- биологиялық білім беруде көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды ғылыми тұрғыдан зерттеу теориялық тұрғыдан негізделген;

- зерттеу жұмыстарының нәтижелерін білім беру барысында қолданудың тиімді әдістері ұсынылған.

- зерттеу нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарының 5В011300-«Биология» мамандығы білім алушыларына саңырауқұлақтар бөлімінің теориялық негізі және «Фитопатология» элективті пәнінің бір бөлімінің оқу бағдарламасы жасалып және «Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ

түрлеріне арналған зертханалық сабақтар және оларды жүргізу әдістемесі» әдістемелік нұсқаулығы дайындалып оқу процесіне енгізілген. Зерттеу нәтижесінде көкөністерді зақымдайтын 55 ауру қоздырушы саңырауқұлақ түрінің биоэкологиялық ерекшеліктері мен Қазақстанда алғаш рет көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтың 3 түрінің (*Rhexocercosporidium carotae* (Arsvoll) U.Braun, *Penicillium aurantiogriseum* Dierckx, *Fusarium equiseti* (Corda) Sacc.) биоэкологиялық ерекшелігі нақтыланған. Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарға қарсы фунгицидтердің, дәрілік өсімдіктерден бөлініп алынған эфир майларының әсері *in vitro* жағдайында зерттелген. Зерттеу жұмысының нәтижелерін педагогикалық жоғары оқу орындарында, шаруашылықта, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта дайындау және олардың біліктігін арттыру жүйесінде, ғылыми жобаларды орындауда, биологияны оқыту процесінде кеңінен пайдалануға болады.

Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.
Дегенімен диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына байланысты келесідей сын-ескертпелерді атап отырмыз:

1. Зерттеушілік білікті қалыптастыру мәселесіне байланысты «біліктілік», «білік», «іскерлік» ұғымдарына салыстырмалы талдау жасаса еңбектің құндылығы артар еді.

2. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттерді зерттеу мәселесіне байланысты соңғы шыққан әдебиеттермен толықтыру қажет.

3. Диссертациялық жұмыстың мазмұнында стилдік және грамматикалық (14, 22, 98 беттерде) қателер кездеседі.

Алайда көрсетілген ескертпелер диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкестігі».

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, өз бетімен орындалған, жан-жақты зерттелген қолданбалы мәні бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторын «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

